



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

жиынтығы (түсіндіру қажет болған феномендер) алдынырақ пайда болады және зерттеушілер бұл феномендерді анағұрлым қайшылықтағы формада шығаратын және түсіндіретін онтологияны құруға талпынуда. Басқа сөздермен айтқанда, «дұрыс» онтологияның жасалуы ақиқатты түсіндірудің қайшылықсыз жолдарын бекітетін ғылыми зерттеу болып табылады.

Заманауи ақпараттық жүйелер мәселелерінің бірі – бір-біріне тәуелсіз әзірленген онтологияларды өзара қолдану мен қолдау үшін құралдардың жасалуы. Бұл мәселенің шешілуіне онтологиялардың интеграция мен кескіндеу міндеттері арналған. Бұл жақындауда анағұрлым келелі пункт ретінде жиынтық ақпарат түрлі терминдер мен түсініктер арқылы ұсынылған алуан түрлі онтологияларға сәйкес келуші сөздіктерді біргелікті қолдануды атауға болады. OBSERVER – бірнеше онтологияларды қамтушы және олардың біргелікті қолдану міндеттерін шешуші Интернет-порталдардың бірі. Негізінде OBSERVER іске асқан компьютерлік желіде қызметтік қосалқы жүйелерді бөліп алуға болады. Қосалқы жүйелердің бірі – Interontology Relationships Manager (IRM) – сөздік мәселесін шешуге арналған және синонимиялық ақпаратты анықтау үшін сұраулардың интеронтологиялық өңделуін кезінде қолданылады. OBSERVER ақпараттық іздеу жүйесінің жектен жетістіктері ретінде сұраудың семантикасын кеңейтуші «төменгі класс-жоғары класс» қатынастарын қолдануды айта кету керек.

Қолданылған әдебиет

1. MariaAndreaRodríguezAssessingSemanticSimilarity amongSpatial EntityClasses /PhDthesis, TheGraduateSchool,UniversityofMaine,2000
2. ТузовскийА.Ф.Системыуправления знаниями.Методыитехнологии./А.Ф.Тузовский,С.В.
3. ПроектUMLS(UnifiedMedicalLanguageSystem).U.S.NationalLibrary ofMedicinehttp: //www.nlm.nih.gov/mesh/meshhome.html

ОӘҚ[004.73:745/749]:004.415.2

"ҚОЛ ӨНЕРІ" ПОРТАЛЫН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Бекен Умбет Еркембекулы

umbet91@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің Теоретикалық информатика кафедрасының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Омарбекова А. С.

Қазіргі кезде интернет тұтынушыларының саны артумен қатар web-ресурстардың саны артуда. Өмірдің әр түрлі саласын қамтыған көптеген web-сайттар, порталдар, форумдар жүргізілуде. Келешекте мәдениетке, қолөнерге деген тұтынушылардың қызығушылықтары артып, ұлттық мәдениет тақырыбындағы сайттар көбейеді деген үміттемін.

Бұл веб-портал қазақ қолөнерін оның ішінде ою-өрнек және құрақ құру бөлімі бойынша насихаттайтын портал. Бұл тақырыпты тандаған мақсаттарымның бірі ехро 2017 көрме байқауына келетін шетелдік қонақтарға сонау ата-бабамыздан келе жатқан қазақ халқымыздың қолөнерімен таныстыру. Қазіргі уақытта интернетте қазақ халқының мәдениетін, дәстүрі мен қол өнерін насихаттайтын сайттар жеткіліксіз.

Web-портал құру технологияларының түрлері:

Портал деген ұғым web-сайттың дамыған түрі және көп қолданушыларымен ерекшеленеді. Интернет-порталды горизонтальді және вертикальді деп бөліп қарастырылу мақұлданған.

– Горизонтальді порталды әмбебап портал деп те атайды. Бұл портал кең ауқымды аудиторияға арналған. Онда әртүрлі тақырыптағы контенттермен толтырылады және әртүрлі қызмет көрсету түрлері кірістіріледі (жаналықтар, ойындар, қаржылық т.б.).

– Вертикальді портал белгілі бір тақырыпқа байланысты болып, сол тақырыпқа әртүрлі қызметтер көрсетеді.

Менің мақаламның пәндік облысы жоғарыдағы көрсетіліп кеткен вертикальдық порталға негізделген. Бұл порталдың негізгі қарастыратын мәселелері:

- Қол өнер жайлы кең ауқымды деректер;
- Қол өнерді дамыту;
- Еуро 2017 көрмесіне келетін шетел қонақтарға халқымыздың қол өнерімен таныстыру;

– Ұлттық тіліміздегі порталдардың көбейуіне үлес қосу;

Жоба функциялық қызметіне қарай:

- Іздеу жүйесі;
- Форумдар;
- Интернет-магазин;
- Әлеуметтік желі;
- Мультимедиялық көрсетілім;

Қолөнер web-порталының онтологиялық моделін көрсететін болсақ:

«Онтология» термині жасанды интеллект зерттеулерінде табиғи тілдерді өңдеу үшін қолданылса, кейіннен білімді ұсынуда қолданыла бастады. Онтология (ежелгі грек тілінен онтос - маңызды, логос - білім, ғылым) - маңыздылық, болмыс ілімін анықтайтын термин. Негізінен онтология термині философиядан (Аристотельдің әлемдегі құбылыстарды бөлу тәжірбиесінен) шыққан. 1990 жылдардың соңынан бастап онтология ұғымы ақпараттың жасанды ықпалдастықтарында, Интернеттегі ақпаратты іздеу үшін және білімдерді басқаруда қолданыла бастады. Онтология семантикалық желі жобасының негізгі элементі ретінде WWW (World Wide Web) желісінің жаңа даму сатысы ретінде қарала бастады. «Онтология – бұл концептуализациямен бірге қолданылатын формальды, анық, дәл анықтама (спецификация)».


Онтология - концептуалды сұлбаның көмегі арқылы білімнің кейбір облыстарының толық формализациясы мен бәрін қамту мүмкіндігі. Әдетте мұндай сұлба объектілердің барлық релевантты класынан тұратын және олардың байланыстары мен ережелері (теорема, шектеу) осы облыста қабылданған мәліметтер құрылымынан тұрады. Онтология концептуальды модельдер құру үшін қолданылады.

Онтология программалау үрдісінде білімді ұсынудың формасы ретінде қолданылады. Негізгі қолданылу аясы – бизнес-үрдістерді модельдеу, семантикалық тор ([ағыл. Semantic Web](#)), жасанды интеллект.

Онтология ұғымы философиядан негіз алса да, информатикада өзіне тән жеке мағынасы бар. Оның екі айырмашылығы бар:

1. Информатикада онтологияның компьютер оңай өңдей алатын форматы болу керек;
2. Ақпаратты онтологиялар әрқашан нақты мақсатпен құрылады.

Онтология термині ең алғаш Томас Грубердің жұмыстарында пайда болды, бұл жұмыста ол интеллектуалды жүйелер мен адам арасындағы байланысты зерттеді. Онтологияның негізгі элементтері: *дана, ұғым, атрибут және қатынас*.



Сурет 1 Порталдың онтологиялық моделі

Программалау тілін тандау және ASP.Net негіздері.

Web интеграция (шоғырлану). C# өте қолайлы объектілі-бағытталған дизайнімен әртүрлі компоненттерді (жоғары деңгейлі бизнес логикадан төменгі деңгейлі кодты қолданатын жүйелік қосымшаларға дейін) құрастыруға арналған жақсы талғам болып табылады. Сонымен қатар C# – Web бағытталған, сіздің компоненттеріңіз қарапайым кірістірілген конструкцияларды қолдана отырып, жеңіл түрде кез-келген операциялық жүйеде, кез-келген тілдік құрал ретінде Internet – тен қарауға болатын, Web сервистерге айнала алады. Басқа тілдердің алдында C# – тың қосымша мүмкіндіктері мен артықшылықтары келесі Web технологияларды қолдануында: XML (Extensible Markup Language) және SOAP (Simple Object Access Protocol). Web сервистерді өңдеу ортасы программистерге бүгінгі күнгі бар Web қосымшаларды C# объектісі тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде, өңдеушілерге олардың ұғымымен объектілі-бағытталған программалауда, қолда бар Web сервистердің ара қатынасын белгілеуге мүмкіндік береді.



Сурет 2 Қазақ қол өнерінің порталын жобалау және жүзеге асырудың программасының интерфейсі.

Жобамның мақсатына жету үшін шығарылатын есептерім келесі түрдей болды:

- Қолөнер web-порталының онтологиялық моделін құру
- Қолөнер web-порталының программасын құрастыру

Жобамның мақсатына жету үшін көптеген әдебиеттер мен интернеттен керекті мәліметтерді іздедім.

Жобамның мақсатына жету үшін шығарылған нәтижелерім:

- Protege редакторында Қазақ қолөнер web-порталының онтологиялық моделі
- C# тілінде ASP.Net технологиясында Қазақ қолөнер web-порталының алғашқы бастамасы, яғни үштен бір бөлігі.

Әдебиеттер тізімі

1. Адам Фримен, Стивен Сандерсон. ASP.NET MVC 3 Framework с примерами на C# для профессионалов, 3-е изд = Pro ASP.NET MVC 3 Framework, 3rd Edition. — М.: «Вильямс», 2012. — 672 с. — ISBN 978-5-8459-1758-4
2. Мэтью Мак-Дональд, Адам Фримен, Марио Шпушта. Microsoft ASP.NET 4.0 с примерами на C# 2010 для профессионалов, 4-е издание = Pro ASP.NET 4.0 in C# 2010, Fourth Edition. — М.: «Вильямс», 2011. — С. 1424. — ISBN 978-5-8459-1702-7
3. Даниэль Арсеновски. Рефакторинг в C# и ASP.NET для профессионалов = Professional Refactoring in C# & ASP.NET. — М.: «Диалектика», 2009. — С. 528. — ISBN 978-5-8459-1618-1
4. Стивен Сандерсон. ASP.NET MVC Framework с примерами на C# для профессионалов = Pro ASP.NET MVC Framework. — М.: «Вильямс», 2010. — С. 560. — ISBN 978-5-8459-1609-9
5. Суэринг С., Конверс Т., Парк Д. PHP и MySQL. Библия программиста. - М.: "Диалектика", 2010 г. - 912 с.
6. <http://www.w3.org/2001/sw/WebOnt/>